

**«Жаңартылатын қуат көздерін қолдау бойынша
есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 Бұйрығына сәйкес
дайындалған қаржылық есептілік нысандары

*2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Қаржылық есептілік нысандары

| | |
|---|-------|
| Бухгалтерлік баланс (№ 1 нысан)..... | 1-2 |
| Пайда мен зияндар туралы есеп (№ 2 нысан) | 3-4 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (№ 3 нысан) | 5-6 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп (№ 4 нысан) | 7-9 |
| Қаржылық есептілік нысандарына түсіндірме жазба (№ 5 нысан) | 10-32 |

Тәуелсіз аудитордың арнайы мақсаттағы қаржылық ақпараттың аудиті жөніндегі есебі

«Жаңартылатын қуат көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-тің Қатысушысы мен Басшылығына

Біз қоса беріліп отырған «Жаңартылатын қуат көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-тің (бұдан әрі - «Компания») 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстан, пайда мен зияндар туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік нысандарына (бұдан әрі - «қаржылық есептілік нысандары») аудит жүргіздік. Компанияның басшылығы бұл қаржылық есептіліктің нысандарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына сәйкес әзірледі.

Қаржылық есептіліктің нысандарына қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Компания Басшылығы қаржылық есептілік нысандарының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына сәйкес әзірленуі және дұрыс берілуі үшін, сондай-ақ басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қате салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептіліктің нысандарын дайындауды қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі бақылау процедуралары үшін жауапкершілік көтереді.

Аудиторлардың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы қаржылық есептіліктің нысандары туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Қазақстан Республикасында қабылданған Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қаржылық есептілік нысандарында маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептілік нысандарында берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедуралардың орындалуын қамтиды. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан қаржылық есептілік нысандарының едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор Компанияның қаржылық есептілік нысандарын дайындауы мен дұрыс беруіне қатысты ішкі бақылау аспектілерін компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ аудитке таңдалған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы қаржылық есептілік нысандарының ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп санаймыз.

Пікір

Біздің ойымызша қаржылық есептілік нысандары барлық маңызды аспектілерде «Жаңартылатын қуат көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-тің 2018 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Дайындау қағидаттары және пайдалануын шектеу

Біздің пікірімізді өзгертпестен, біз қаржылық есептіліктің нысандарын дайындау қағидаттары сипатталатын ескертпелерге назарларыңызды аударамыз. Қаржылық есептіліктің нысандары Компанияның Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығының талаптарын орындау мақсатында әзірленді. Тиісінше, бұл қаржылық есептілік нысандары өзге мақсаттар үшін жарамсыз болуы мүмкін.

Басқа мәліметтер

Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептіліктің жеке жинағын әзірледі, әрі сол бойынша біз 2019 жылғы 28 ақпанда Компанияның Қатысушысына және Басшылығына арналған аудиторлық есепті шығардық.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС




Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік күәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2019 жылғы 28 ақпан



Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 №0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

№ 1 нысан

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

мың теңгемен

| Активтер | Жол коды | Есепті кезеңнің соңына | Есепті кезеңнің басында |
|--|----------|------------------------|-------------------------|
| I. Қысқа мерзімді активтер | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 010 | 1.758.655 | 1.674.537 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 011 | – | – |
| Туынды қаржы құралдары | 012 | – | – |
| Пайда мен зияндар арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері | 013 | – | – |
| Өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері | 014 | – | – |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері | 015 | 2.908 | 1.974 |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 016 | 2.298.248 | 1.660.532 |
| Ағымдағы табыс салығы | 017 | 44.484 | – |
| Қорлар | 018 | 868 | 266 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 019 | 473 | 30.236 |
| Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010 жолдан 019 жолды қоса алғанда сомасы) | 100 | 4.105.636 | 3.367.545 |
| Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар) | 101 | – | – |
| II. Ұзақ мерзімді активтер | | | |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 110 | – | – |
| Туынды қаржы құралдары | 111 | – | – |
| Пайда мен зияндар арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері | 112 | – | – |
| Өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері | 113 | – | – |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 114 | – | – |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 115 | – | – |
| Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар | 116 | – | – |
| Инвестициялық мүлік | 117 | – | – |
| Негізгі құралдар | 118 | 45.290 | 17.161 |
| Биологиялық активтер | 119 | – | – |
| Барлау және бағалау активтері | 120 | – | – |
| Материалдық емес активтер | 121 | 23.328 | 782 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 122 | 3.760 | 2.252 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 123 | – | – |
| Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110 жолдан 123 жолды қоса алғанда сомасы) | 200 | 72.378 | 20.195 |
| Баланс (100 жол + 101 жол + 200 жол) | | 4.178.014 | 3.387.740 |

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС (жалғасы)

№ 1 нысан

мың теңгемен

| Міндеттемелер және капитал | Жол коды | Есепті кезеңнің соңына | Есепті кезеңнің басында |
|--|----------|------------------------|-------------------------|
| III. Қысқа мерзімді міндеттемелер | | | |
| Қарыздар | 210 | - | - |
| Туынды қаржы құралдары | 211 | - | - |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 212 | - | - |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 213 | 3.419.074 | 2.690.639 |
| Қысқа мерзімді резервтер | 214 | 13.512 | 16.293 |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері | 215 | - | 5.385 |
| Қызметкерлерге сыйақы | 216 | - | - |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер | 217 | 2.945 | 7 |
| Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210 жолдан 217 жолды қоса алғанда сомасы) | 300 | 3.435.531 | 2.712.324 |
| Сатуға арналған шығатын топтардың міндеттемелері | 301 | - | - |
| IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер | | | |
| Қарыздар | 310 | - | - |
| Туынды қаржы құралдары | 311 | - | - |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері | 312 | - | - |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 313 | - | - |
| Ұзақ мерзімді резервтер | 314 | - | - |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 315 | - | - |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 316 | 16.673 | - |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310 жолдан 316 жолды қоса алғанда сомасы) | 400 | 16.673 | - |
| V. Капитал | | | |
| Жарғылық (акционерлік) капитал | 410 | 100.000 | 100.000 |
| Эмиссиялық кіріс | 411 | - | - |
| Сатып алынған меншікті үлестік құралдар | 412 | - | - |
| Резервтер | 413 | - | - |
| Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал) | 414 | 625.810 | 575.416 |
| Негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410 жолдан 414 жолды қоса алғанда сомасы) | 420 | 725.810 | 675.416 |
| Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі | 421 | - | - |
| Барлығы капитал (420 жол +/- 421 жол) | 500 | 725.810 | 675.416 |
| Баланс (300 жол + 301 жол + 400 жол + 500 жол) | | 4.178.014 | 3.387.740 |

Бас директор

Ж.Д. Нурмағанбетов

Бас бухгалтер

Г.В. Сираева

ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

№ 2 нысан

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

мың теңгемен

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|----------|-------------------|--------------------|
| Түсім | 010 | 21.025.149 | 15.351.402 |
| Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 011 | (20.964.126) | (14.909.893) |
| Жалпы пайда (010 жол – 011 жол) | 012 | 61.023 | 441.509 |
| Өткізу шығыстары | 013 | – | – |
| Әкімшілік шығыстар | 014 | (197.748) | (168.562) |
| Басқа да шығыстар | 015 | (2) | (16) |
| Басқа да кірістер | 016 | 50.542 | 7.251 |
| Операциялық пайда (зиян) жиыны (+/- 012 жолдан 016 жолды қоса алғанда) | 020 | (86.185) | 280.182 |
| Қаржыландыру бойынша кірістер | 021 | 156.528 | 117.229 |
| Қаржыландыру бойынша шығыстар | 022 | – | – |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (зиянындағы) ұйымның үлесі | 023 | – | – |
| Өзге де операциялық емес кірістер | 024 | – | – |
| Өзге де операциялық емес шығыстар | 025 | – | – |
| Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020 жолдан 025 жолды қоса алғанда) | 100 | 70.343 | 397.411 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 101 | (14.114) | (79.967) |
| Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100 жол – 101 жол) | 200 | 56.229 | 317.444 |
| Салық салғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түсетін пайда/ (залал) | 201 | – | – |
| Мыналарға қатысты бір жылғы пайда (200 жол + 201 жол) | 300 | 56.229 | 317.444 |
| бас ұйымның меншік иелеріне | 301 | 56.229 | 317.444 |
| бақыламайтын меншік иелерінің үлесіне | 302 | – | – |
| Өзге жиынтық пайда, барлығы (410 жолмен 420 жолды қоса алғанда сомасы) | 400 | – | – |
| Оның ішінде: | | | |
| Негізгі құралдарды қайта бағалау | 410 | – | – |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау | 411 | – | – |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы / (залалындағы) үлесі | 412 | – | – |
| Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда/(залал) | 413 | – | – |
| Еншілес ұйымдардың кейінге қалдырылған салығына арналған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістердің салдары | 414 | – | – |
| Ақша ағындарын хеджирлеу | 415 | – | – |
| Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 416 | – | – |
| Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу | 417 | – | – |
| Басқа да жиынтық пайданың өзге де құрамдастары | 418 | – | – |
| Пайда/(залал) құрамында кері сыныптау кезіндегі түзету | 419 | – | – |
| Өзге жиынтық пайда құрамдастарының салық әсері | 420 | – | – |

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

№ 3 нысан

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

мың теңгемен

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|--|----------|-------------------|--------------------|
| I. Операциялық қызметтен түскен ақшаның қозғалысы | | | |
| 1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (011 жолдан 016 жолды қоса алғанда сомасы), оның ішінде | | | |
| тауарлар мен қызметтерді сату | 010 | 23.128.422 | 17.080.108 |
| өзге де табыс | 011 | 22.926.476 | 16.963.389 |
| сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар | 012 | 77 | – |
| сақтандыру шарттары бойынша түсімдер | 013 | – | 1 |
| алынған сыйақылар | 014 | – | – |
| өзге де түсімдер | 015 | 132.253 | 103.383 |
| филиалдармен есеп айырысулар | 016 | 69.616 | 13.336 |
| | 017 | – | – |
| 2. Ақша қаражатының есептен шығуы, барлығы (021 жолдан 027 жолды қоса алғанда сомасы), оның ішінде: | | | |
| тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер | 020 | 23.025.522 | 16.448.100 |
| тауарлар мен қызметтерді берушілерге берілген аванстар | 021 | 22.808.220 | 16.176.814 |
| еңбекақыны төлеу бойынша төлемдер | 022 | 11.413 | 2.470 |
| сыйақыны төлеу | 023 | 90.380 | 75.541 |
| сақтандыру шарттары бойынша төлемдер | 024 | – | – |
| табыс салығы мен бюджетке басқа да төлемдер | 025 | – | – |
| өзге төлемдер | 026 | 90.091 | 167.298 |
| филиалдармен есеп айырысулар | 027 | 25.418 | 25.978 |
| | 028 | – | – |
| 3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010 жол – 020 жол) | 030 | 102.900 | 632.008 |
| II. Инвестициялық қызметтен түскен ақшаның қозғалысы | | | |
| 1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (041 жолдан 051 жолды қоса алғанда сомасы), оның ішінде: | | | |
| негізгі құралдарды сату | 040 | – | 951.000 |
| материалдық емес активтерді өткізу | 041 | – | – |
| өзге де ұзақ мерзімді активтерді өткізу | 042 | – | – |
| басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлес құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі үлестік қатысуларын өткізу | 043 | – | – |
| басқа ұйымдардың үлестік құралдарын өткізу | 044 | – | – |
| еншілес ұйымдарды бақылау кезінде шеккен зияндарды өтеу | 045 | – | – |
| өзге де қаржы активтерін өткізу | 046 | – | – |
| фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар | 047 | – | – |
| түскен дивидендтер | 048 | – | – |
| алынған сыйақылар | 049 | – | – |
| басқа түсімдер | 050 | – | – |
| | 051 | – | 951.000 |
| 2. Ақша қаражатының есептен шығуы, барлығы (061 жолдан 071 жолды қоса алғанда сомасы), оның ішінде: | | | |
| негізгі құралдарды сатып алу | 060 | 18.780 | 453.162 |
| материалдық емес активтерді сатып алу | 061 | 18.317 | – |
| басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу | 062 | 463 | 162 |
| басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлес құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлестерін сатып алу | 063 | – | – |
| басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу | 064 | – | – |
| еншілес ұйымдарға бақылауды алу | 065 | – | – |
| өзге де қаржы активтерін сатып алу | 066 | – | – |
| қарыз беру | 067 | – | – |
| фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар | 068 | – | – |
| қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар | 069 | – | – |
| Өзге төлемдер | 070 | – | – |
| | 071 | – | 453.000 |
| 3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (040 жол – 060 жол) | 080 | (18.780) | 497.838 |

10-32 бет аралығындағы қоса берілген түсіндірме жазба осы қаржылық есептілік нысандарының ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

№ 4 нысан

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| | Жол коды | Бас ұйымның капиталы | | | | Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|---|----------|----------------------|------------------|---|-----------|--------------------------------------|---------------|
| | | Жарғылық капитал | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған меншікті үлестік құралдар | Резервтер | | |
| Керсеткіштердің атауы | | | | | | | |
| Алдағы жылдың 1 қаңтарына арналған сальдо | 010 | 100.000 | - | - | - | 257.972 | 357.972 |
| Есеп саясатындағы өзгеріс | 011 | - | - | - | - | - | - |
| Қайта есептелген сальдо (010 жол +/- 011 жол) | 100 | 100.000 | - | - | - | 257.972 | 357.972 |
| Жалпы жиынтық пайда, барлығы (210 жол + 220 жол) | 200 | - | - | - | - | 317.444 | 317.444 |
| Бір жылғы пайда (залал) | 210 | - | - | - | - | 317.444 | 317.444 |
| Өзге жиынтық пайда, барлығы (221 жолмен 229 жолды қоса алғанда сомасы) | 220 | - | - | - | - | - | - |
| Негізгі құралдарды (салық өсерін шегере отырып) қайта бағалағандағы өсім | 221 | - | - | - | - | - | - |
| Негізгі құралдарды (салық өсерін шегере отырып) қайта бағалағандағы амортизацияны аудару | 222 | - | - | - | - | - | - |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін (салық өсерін шегере отырып) қайта бағалау | 223 | - | - | - | - | - | - |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы / (залалындағы) үлесі | 224 | - | - | - | - | - | - |
| Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда/(залал) | 225 | - | - | - | - | - | - |
| Еншілес ұйымдардың кейінге қалдырылған салығына арналған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістердің салдары | 226 | - | - | - | - | - | - |
| Ақша ағындарын (салық өсерін шегере отырып) хеджирлеу | 227 | - | - | - | - | - | - |
| Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 228 | - | - | - | - | - | - |
| Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу | 229 | - | - | - | - | - | - |
| Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310 жолмен 318 жолды қоса алғанда сомасы) | 300 | - | - | - | - | - | - |

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

№ 4 нысан

| Керсеткіштердің атауы | Жол коды | Бас ұйымның капиталы | | | | Бөлінбеген пайда | Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|---|------------|----------------------|------------------|---|-----------|------------------|--------------------------------------|----------------|
| | | Жарғылық капитал | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған меншікті үлестік құралдар | Резервтер | | | |
| Керсеткіштердің атауы | | | | | | | | |
| Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру | 310 | - | - | - | - | - | - | - |
| Меншік иелерінің жарналары | 311 | - | - | - | - | - | - | - |
| Меншікті үлестік құралдарды (акцияларды) шығару | 312 | - | - | - | - | - | - | - |
| Бизнесісті біріктіруге байланысты үлес құралдарын шығару | 313 | - | - | - | - | - | - | - |
| Айырбасталатын құралдардың үлестік құрамы (салық әсерін шегере отырып) | 314 | - | - | - | - | - | - | - |
| Дивидендтерді төлеу | 315 | - | - | - | - | - | - | - |
| Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер | 316 | - | - | - | - | - | - | - |
| Меншік иелерімен өзге де операциялар | 317 | - | - | - | - | - | - | - |
| Бақылаудың айырылуына әкеліп соқтырмайтын еншілес ұйымдарға қатысу үлесіндегі өзгерістер | 318 | - | - | - | - | - | - | - |
| Алдыңғы кезек соңындағы сальдо (100 жол + 200 жол + 300 жол) | 400 | 100.000 | - | - | - | 575.416 | - | 675.416 |
| Есепті кезеңнің басындағы сальдо | 401 | 100.000 | - | - | - | 575.416 | - | 675.416 |
| Есеп саясатындағы өзгеріс | 402 | - | - | - | - | (5.835) | - | (5.835) |
| Қайта есептелген сальдо (401 жол +/- 402 жол) | 500 | 100.000 | - | - | - | 569.581 | - | 669.581 |
| Жалпы жиынтық пайда, барлығы (610 жол + 620 жол) | 600 | - | - | - | - | 56.229 | - | 56.229 |
| Бір жылғы пайда (залал) | 610 | - | - | - | - | 56.229 | - | 56.229 |
| Өзге жиынтық пайда, барлығы (621 жолмен 629 жолды қоса алғанда сомасы) | 620 | - | - | - | - | - | - | - |
| Негізгі құралдарды (салық әсерін шегере отырып) қайта бағалағандағы өсім | 621 | - | - | - | - | - | - | - |
| Негізгі құралдарды (салық әсерін шегере отырып) қайта бағалағандағы амортизацияны аудару | 622 | - | - | - | - | - | - | - |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін (салық әсерін шегере отырып) қайта бағалау | 623 | - | - | - | - | - | - | - |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы / (залалындағы) үлесі | 624 | - | - | - | - | - | - | - |

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

№ 4 нысан

| Жол коды | Жарғылық капитал | Бас ұйымның капиталы | | | | Резервтер | Бөлінбеген пайда | Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|----------|------------------|----------------------|---|---|-----------|-----------|------------------|--------------------------------------|---------------|
| | | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған меншікті үлестік құралдар | Сатып алынған меншікті үлестік құралдар | Резервтер | | | | |
| 625 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 626 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 627 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 628 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 629 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 700 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 710 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 711 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 712 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 713 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 714 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 715 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 716 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 717 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 718 | — | — | — | — | — | — | — | — | |
| 800 | 100.000 | — | — | — | — | 625.810 | — | 725.810 | |

Бас директор

Ж.Д. Нурмағанбетов



Бас бухгалтер

Г.В. Сираева

10-32 бет аралығындағы қоса берілген түсіндірме жазба осы қаржылық есептілік нысандарының ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№ 5 нысан

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Жанартылатын қуат көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Компания» немесе «ЕҚО») «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жанартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 128-V заңына сәйкес (бұдан әрі – «Жанартылатын энергия көздері туралы заң»), сондай-ақ «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 тамыздағы шешіміне сәйкес 2013 жылғы 27 тамызда құрылды.

2018 жылдың 31 желтоқсанына «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «KEGOC») Компанияның жалғыз құрылтайшысы болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») арқылы KEGOC-тың 90% үлесіне иелік етеді, тиісінше Самұрық-Қазынаның барлық еншілес ұйымдары Компанияның байланысты тараптары ретінде қарастырылады.

«Жанартылатын энергия көздерін қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV заңына сәйкес Компания қызметінің негізгі түрі жанартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне берілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды және сатуды жүзеге асыру болып табылады.

Компанияның бас кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік (бұдан әрі – «қаржылық есептілік») нысандарын шығаруға Компанияның Бас директоры мен Бас бухгалтері 2019 жылғы 28 ақпанда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Компанияның қаржылық есептілігі халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Бұл қаржылық есептілік бастапқы күн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген және барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін қолданыстағы стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) «Құрылыс шарттары» 11 ХҚЕС-ті (IAS), «Түсім» 18 ХҚЕС-ті (IAS) әрі тиісті түсіндірмелерді ауыстырады және кейбір жағдайлардан басқа, сатып алушылармен жасалған шарттарға орай туындайтын түсімнің кез келген баптарына қатысты қолданылады. Сатып алушылармен жасалған шарттарға орай туындайтын түсімді есепке алу үшін 15 ХҚЕС (IFRS) бес сатыны қосатын модельді көздейді және өтемақыны көрсететін сомада түсімнің мойындалуын талап етеді, соған арналған құқықты ұйым тауарлардың немесе қызметтердің сатып алушыға берілуіне айырбас ретінде алуды күтіп отыр.

15 ХҚЕС (IFRS) ұйымдар сатып алушылармен жасалған шарттарға қатысты модельдің әрбір кезеңін қолдану кезінде пайымдауды қолдануын және барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескеруін талап етеді. Сондай-ақ стандарт шартты жасауға қосымша шығындарды және шарттың орындалуымен тікелей байланысты шығындарды есепке алуға қойылған талаптарды қамтиды. Сонымен бірге, стандарт ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» (жалғасы)

Компания 15 ХҚЕС-ті (IFRS) түрлендірілген ретроспективті қолдану әдісін пайдалана отырып қолданды. Бұл әдіске сай стандарттың өтуі оның бастапқы қолданылу күніне барлық шарттарға, не болмаса осы күнге орындалмай қалған шарттарға ғана қолданыла алады. Компания стандартты 2018 жылғы 1 қаңтарға орындалмаған шарттарға ғана қолдану шешімін шығарды.

15 ХҚЕС-ті (IFRS) бастапқы қолданудан болған жиынтық әсер бастапқы қолдану күніне кезең басына бөлінбеген пайда қалдығын түзету ретінде танылады. Тиісінше, салыстырмалы ақпарат қайта есептелмеді және бұрынғысынша 11 ХҚЕС-ке (IAS), 18 ХҚЕС-ке (IAS) және тиісті түсіндірулерге сәйкес ұсынылды.

ЕҚО-ның электр энергиясын сату қызметі «ЖКҚ пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы заңының ережелерінен туындайды, бұл ретте ЕҚО-ның шарттары үлгі шарттар болып табылады және ай сайын шот-фактураларды жазып беру және өзара есеп айырысуларды тоқсан сайын салыстыру міндеттерін ғана бекітіп береді. Тарифтің есептелуі жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау шығындарына сүйенді – ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу шығындары, электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру қызметтеріне жұмсалатын шығындар, резервтік қорды қалыптастыру шығындары және ЕҚО қызметін жүзеге асырумен байланысты шығындар жатады. Жаңартылатын қуат көздерін қолдау тарифі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі 2017 жылғы 1 ақпанда бекіткен № 36 Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларымен белгіленген тәртіппен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 109751 тіркелген) есеп айырысу деректерінің өзгеруіне қарай түзетілуі тиіс. Бұл ретте бұл шарттар бойынша түскен түсім электр қуатының нақты өткізілген көлеміне сәйкес келетін мөлшерде ғана мойындалады. ЕҚО-ның принципал-агент қатынастары туындамайды, өйткені электр қуатын сатып алу-сату шарттарын жасау кезінде барлық тәуекелдер мен пайда электр қуатын сатушыдан ЕҚО-ке және ЕҚО-ден түпкі тұтынушыға өтеді. Түсімнің 15 ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілуіне өту ЕҚО-ның есепке алу жүйесінде өзгерістерді тудырмайды.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС-ті (IAS) ауыстырады және 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алудың барлық үш аспектісін біріктіреді: жіктеу мен бағалауды, құнсыздандуды және хеджирлеуді есепке алуды.

Компания осы стандарттың, бастапқы қолданылу күні кіретін, жылдық есепті кезең басына бөлінбеген пайда қалдығын түзету ретінде бастапқыда қолданудың жиынтық әсерін мойындай отырып, 9 ХҚЕС-ті (IFRS) ретроспективті түрде қолданады.

Төменде 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері көрсетілген:

| <i>Мың теңгемен</i> | <i>Түзету</i> |
|--|----------------|
| Активтер | |
| Айналымдағы активтер | |
| Сауда дебиторлық берешек | (3.311) |
| Басқа да ағымдағы активтер | (20) |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | (2.504) |
| Активтер жиыны | (5.835) |
| Капитал және міндеттемелер | |
| Капитал | |
| Бөлінбеген пайда | (5.835) |
| Капитал мен міндеттемелер жиыны | (5.835) |

9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану 39 ХҚЕС-ке (IAS) сай болған залалдар әдісін күтілетін несиелік залалдар әдісімен ауыстыра отырып, қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдарға қатысты Компанияның есепке алуын түбегейлі түрде өзгертті.

9 ХҚЕС (IFRS) есепке алуда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілмейтін барлық қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалдардың мойындалуын талап етеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Күтілетін несиелік залалдар шарттарға сәйкес төленуге жататын ақша қаражатының ағындары мен Компания алынуын күтіп отырған барлық ақша ағындары арасындағы айырма ретінде есептеледі. Содан кейін алынған нәтижелер активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

Сауда дебиторлық берешек, ұзақ мерзімді дебиторлық берешек және басқа да ағымдағы активтер үшін Компания жеңілдетілген тәсілді қолданады және бүкіл мерзімде болған күтілетін несие шығындарын есептейді. Компания күтілетін несиелік шығындарды Компанияның тарихи деректері бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешектің мерзімін ұзартудың орташа алынған коэффициенттерінің негізінде есептеді.

Басқа қаржы активтері, пайдалануы шектелген ақша қаражаты, ақша қаражаты мен оның баламалары үшін күтілетін несиелік залалдар 12 айлық кезеңге есептеледі. 12 айлық күтілетін несиелік залалдар – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдардың бір бөлігі. Дегенмен, актив мойындалғаннан кейін несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы бүкіл мерзімге күтілетін несиелік залалдардың қолданылуына әкеп соқтырады.

Компания төлем мерзімі 90 күнге өткізіліп алынғанда қаржы активін дефолтты деп мойындайды. Дегенмен, кейбір жағдайларда Компания қаржы активін ішкі немесе сыртқы ақпарат Компания өтелмеген шарттық сомаларды толық көлемде ала алмайтындығына нұсқағанда, қаржы активін дефолтты етіп қарастыра алады.

Күтілетін несиелік залалдарды 9 ХҚЕС бойынша көрсету бойынша талаптарды қолдану Компанияның қаржы активтерінің құнсыздану резервтерінің ұлғаюына әкеп соқтырды. Резервтің ұлғаюы бөлінбеген пайданың түзетілуіне әкеп соқтырды.

Капиталдағы өзгерістер туралы есепте 9 ХҚЕС-тің 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5.835 мың теңге мөлшерінде бөлінбеген пайдаға әсері көрсетілді.

(а) Жіктеу және бағалау

9 ХҚЕС-ке сай Компания қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды.

9 ХҚЕС-ке сай үлестік қаржы құралдары кейіннен пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша (ПЗАӘҚ), амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша (БЖКАӘҚ) бағаланады. Жіктеу екі критерийге байланысты болады: Компания қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модельге және шартта көзделген қаржы құралдары бойынша ақша ағындары «тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлем» болып табылатындығына.

Жаңа талаптарға сай Компания борыштық қаржы активтерін былайша жіктеп, бағалайды:

Борыштық құралдар амортизацияланған құны бойынша бағаланады, егер қаржы активтері бизнес-модельдің шеңберінде ұсталса, әрі соның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу болып табылады, әрі олар тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер ғана болып табылады. Компания бұл санатқа сауда және басқа да дебиторлық берешек пен банк салымдарын қосады.

Компанияның БЖКАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері жоқ.

(б) Құнсыздану

9 ХҚЕС-ті қолдану Компания қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалдарға қатысты пайдаланатын есепке алу тәртібін түбегейлі өзгертті. 39 ХБЕС-те пайдаланылатын және болған залалдарға негізделген әдіс болжамды күтілетін несиелік залалдарының (КНЗ) моделіне ауыстырылды.

9 ХҚЕС Компания пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалдардың бағалау резервін көрсетуін талап етеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

(б) Құнсыздану (жалғасы)

Күтілетін несиелік залалдар ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Компания алынуын күтіп отырған барлық ақша ағындары арасындағы айырма ретінде есептеледі. Алынбай қалу кейіннен бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлеме бойынша дисконтталады.

Шарт бойынша активтер мен сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Компания стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарын есептеді. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Басқа да борыштық қаржы активтері (банк салымдары) болған жағдайда күтілетін несие залалдары он екі ай бұрын есептеледі. Он екі айлық күтілетін несие залалдары – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын күтілетін несие залалдарын білдіретін бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарының бір бөлігі. Дегенмен қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір ұлғайған жағдайда залалдардың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең болатын сомада бағаланады.

Егер шарт бойынша төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Компания қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Компания, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Компания ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Компанияның шарт бойынша көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады.

Күтілетін несие залалдарына қатысты 9 ХҚЕС-тің талаптарын қолдану 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепке айтарлықтай әсерін тигізбеді.

2018 жылы стандарттарға мынадай кейбір басқа түзетулер және Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеген түсіндірулер алғаш рет қолданды:

- «Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру;
- «Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» 40 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 2 ХҚЕС-ке (IAS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер;
- 4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «9 ХҚЕС-ті (IFRS) «Қаржы құралдары» 4 ХҚЕС-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану»;
- 28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» – жылжымайтын мүлік объектілерін әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру;
- 1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін қысқа мерзімді босатуларды жою.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. 16 ХҚЕС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады.

Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады. Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХҚЕС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуін талап етеді.

Компания стандарттың алғашқы қолданылу күніне қолданылатын жалдау шарттарына қатысты түрлендірілген ретроспективті тәсілді 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдануды жоспарлап отыр.

Компания жалдау шарттарына, сондай-ақ солар бойынша базалық активтің төмен құны бар жалдау шарттарына қатысты стандартта көзделген босатуды пайдалану жөніндегі шешім қабылдады, солар бойынша жалдау мерзімі бастапқы қолдану күніне 12 айдан аспайтын мерзімді құрайды.

2018 жылы Компания 16 ХҚЕС-тің (IFRS) ықпалын талдады, соның нәтижелері бойынша Компания қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер ететіндігін күтпейді.

Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- «Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру;
- «Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер;
- «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу» 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- «Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- «Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі. Міндеттеме мына жағдайларда ағымдағы болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Компания барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімділер ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Компания мұндай қаржы құралдарын әрбір есепті күнге әділ құны бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері және солардың әділ құны олардың қалдық құнынан айтарлықтай ерекшеленгенде, әділ құны бойынша қаржылық емес активтер ретінде бағалайды. Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта; немесе
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Компания негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең шынайы мүдделерінде іс-қимыл жасайды.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайда қолайлы болатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болатын деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды байқалатын бастапқы деректерді барынша және байқалмайтын бастапқы деректерді мейлінше пайдаланады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте кезеңді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Компания оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Шетел валютасындағы операциялар

Компанияның қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Сондай-ақ теңге бас компанияның функционалды валютасы болып табылады. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда Компаниямен операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын спот-бағамы бойынша олардың функционалдық валютасында ескеріледі. 2018 және 2017 жылдардың ішінде Компанияның барлық операциялары теңгемен жасалды.

Шетел валюталарының айырбас бағамдары былайша көрсетілген:

| <i>Көзөң соңындағы айырбас бағамы (теңгеге)</i> | 31 желтоқсан 2018 жыл | 31 желтоқсан 2017 жыл |
|---|----------------------------------|----------------------------------|
| 1 АҚШ доллары | 384,20 | 332,33 |
| 1 еуро | 439,37 | 398,23 |
| 1 ресей рублі | 5,52 | 5,77 |

| <i>Бір жылғы орташа айырбас бағамы (теңгеге)</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|--|-----------------|-----------------|
| 1 АҚШ доллары | 344,90 | 326,08 |
| 1 еуро | 406,77 | 368,52 |
| 1 ресей рублі | 5,50 | 5,59 |

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға негізгі құралдардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шөлып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады.

Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

| | |
|-------------------------------|----------|
| Ғимараттар | 60 жыл |
| Ғимараттар | 30 жыл |
| Машиналар мен құрал-жабдықтар | 7-11 жыл |
| Басқасы | 2-30 жыл |

Жер амортизацияланбайды.

Пайдалы қолдану мерзімдері және негізгі құралдарды тарату құны әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі. Егер күтілген жағдайлар бұрынғы жорамалдардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бухгалтерлік бағалау жиынтық кіріс туралы есепте танылатын негізгі құралдардың қалдық құны мен негізгі құралдардың тозу сомасына айтарлықтай әсер ете алады.

Негізгі құралдар нысандарын тану ол есептен шығарылғанда немесе оның пайдаланылуы немесе есептен шығарылуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активтерді тану тоқтатылғанда туындайтын кез келген кірістер немесе залалдар (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелетін) активті тану тоқтатылған есепті жылда пайда немесе зиян құрамына енгізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Компания ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті кезеңдегі пайда мен зияндарда көрсетіледі.

Компанияның материалдық емес активтеріне, ең бастысы, компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді. Материалдық емес активтер активтерді 3 жылдан 30 жылға дейін пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Компания активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны – мына шамалардың ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі пайдаланылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания құнсыздану сомасын Компанияның жеке активтер жатқызылатын әрбір ААЖБ үшін жеке дайындалатын пайдалану құндылығына сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда) жиынтық кіріс туралы есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатының құрамында танылады. Компания әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі бар болса, Компания активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі, актив қайта бағаланған құны бойынша танылған жағдайларды қоспағанда, пайда мен зияндарда танылады. Мұндай жағдайларда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Компанияның қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер, пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты, басқа жа қаржы активтері, сауда және басқа да дебиторлық берешек, бағасы белгіленетін және белгіленбейтін қаржы құралдары кіреді.

Қаржы активтері бастапқыда танылған кезде тиісінше амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері; пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері; басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері ретінде жіктеледі.

Қаржы активі амортизацияланған құны бойынша ескеріледі, егер мына екі критерий сақталған болса:

- 1) бизнес-модельдің мақсаты барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін қаржы активін ұстап қалу болып табылады; және
- 2) шарттық ақша ағындары тек пайыздық сыйақы мен негізгі борыш бойынша төлемдермен ғана білдірілген. Сыйақы ақшаның уақытша құны мен белгілі бір уақыт кезеңінде өтелуге жататын негізгі борышпен байланысты несиелік тәуекел үшін ақы төлеуді білдіреді.

Егер жоғарыда аталған критерийлердің кем дегенде біреуі сақталмаған болса, қаржы активі әділ құны бойынша өлшенеді.

Компанияның амортизацияланған құны бойынша ескерілмейтін қаржы активтері әділ құны бойынша ескеріледі.

Қаржы активі басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескеріледі, егер мына екі критерий сақталған болса:

- 1) бизнес-модельдің мақсаты барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін, сол сияқты қаржы активін сату арқылы қаржы активін ұстап қалу болып табылады; және
- 2) шарттық ақша ағындары тек пайыздық сыйақы мен негізгі борыш бойынша төлемдермен ғана білдірілген. Сыйақы ақшаның уақытша құны мен белгілі бір уақыт кезеңінде өтелуге жататын негізгі борышпен байланысты несиелік тәуекел үшін ақы төлеуді білдіреді.

Компания қаржы активтерін пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескереді, олар амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша көрсетілген жағдайларды қоспағанда.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Одан кейінгі бағалау

Кейіннен қаржы активтері амортизацияланған құны бойынша немесе Компанияның қаржы активтерін басқару бойынша бизнес-модельдеріне негізделе отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы немесе пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Бизнес-модельді Компания басшылығы айқындайды.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда баланста танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бергенде; не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, жаңа актив Компания берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде танылады. Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Компания талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

Күтілетін несие залалдарын мойындау

Компания, егер несие залалы бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, амортизацияланған құны бойынша және бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең болатын сомада басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін несие залалдарына бағалау резервін мойындайды. Компания басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активінің баланстық құнын азайтпай, бағалау резервін басқа да жиынтық кірістің құрамында мойындайды.

Қаржы активі бастапқы танылған сәттен бастап сол бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының жоқтығын айқындау кезінде Компания күтілетін несие залалдары сомасының өзгеруіне емес, несие құралының қолданылу мерзімінің бойынша дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруіне сүйенеді.

Егер шартта көзделген қаржы активі бойынша ақша ағындары қайта қаралған немесе түрлендірілген болса және қаржы активінің мойындалуы тоқтамаса, Компания қаржы құралы бойынша несие тәуекелінің айтарлықтай өзгергенін мыналарды салыстыру арқылы бағалайды:

- 1) есепті күнгі жағдай бойынша дефолттың орын алу тәуекелін бағалау (түрлендірілген шарттық талаптардың негізінде);
- 2) бастапқыда мойындау кезінде дефолттың орын алу тәуекелін бағалау (бастапқы түрлендірілмеген шарттық талаптардың негізінде).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Күтілетін несие залалдарын мойындау (жалғасы)

Егер несие тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы орын алмаса, Компания қаржы активі бойынша залалдарға бағалау резервін мыналарды қоспағанда 12 айлық күтілетін несие залалдарына тең сомада мойындайды:

- 1) сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері;
- 2) сауда дебиторлық берешекті немесе «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС (IFRS) колданылу аясына қатысы бар операциялардың салдарынан туындайтын шарт бойынша активтерді; және
- 3) жалдау бойынша дебиторлық берешекті.

(1)-(3) тармақтарда көрсетілген қаржы активтері бойынша Компания залалдар резервін бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарының сомасында бағалайды.

Егер алдыңғы есепті кезеңде Компания қаржы құралы бойынша залалдардың бағалау резервін бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең болатын сомада бағалайды, бірақ ағымдағы күнгі жағдай бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы жоқ екендігін айқындайды, сол сияқты ағымдағы есепті күнге Компания бағалау резервін 12 айлық күтілетін несие залалдарына тең сомада бағалауы тиіс.

Компания құнсызданудан болған пайда немесе залал ретінде залалдардың бағалау резервін түзетуге қажетті соманы есепті күнгі жағдай бойынша күтілетін несие залалдарының сомасына дейін мойындайды.

Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері бойынша Компания құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру ретінде, тіпті егер бүкіл мерзім бойына болған күтілетін несие залалдары бастапқы мойындау кезінде есепті ақша ағындарына қосылған күтілетін несие залалдарының өлшемінен кем болса да, бүкіл мерзім бойына болған күтілетін несие залалдарының қолайлы өзгерістерін мойындайды.

Күтілетін несие залалдарын бағалау

Компания қаржы құралы бойынша күтілетін несие залалдарын мыналарды көрсететін тәсілмен бағалайды:

- 1) ықтималдылықты ескере отырып алынған және таразыланған ықтимал нәтижелердің диапазонын бағалау арқылы айқындалған соманы;
- 2) ақшаның уақытша құнын;
- 3) есепті күнге қолжетімді болатын өткен оқиғалар, ағымдағы талаптар мен болжамды келешек экономикалық талаптар туралы негізделген және расталатын ақпаратты.

Күтілетін несие залалдарын бағалау кезінде қарастырылатын ең ұзақ кезең – бұл Компания несиелік тәуекелге ұшырағыш болатын шарт бойынша ең ұзақ кезең (ұзарту опциондарын ескере отырып).

Қарыз, сол сияқты қарыздарды беру міндеттемесінің пайдаланылмаған компоненті кіретін қаржы құралдары бойынша, Компанияның шартта көзделген қарыздың өтелуін талап ету және қарыздарды беру бойынша міндеттеменің пайдаланылмаған компонентінің күшін жою мүмкіндігі Компанияның хабарламаны берудің шарттық мерзімімен несиелік залалдар тәуекеліне ұшырағыштығын шектемейді. Мұндай қаржы құралдары бойынша Компания несиелік залалдарды несиелік тәуекелге ұшырағыштықтың бүкіл мерзіміне бағалайды және күтілетін несиелік залалдар Компанияның несиелік тәуекелдерді басқару қызметінің нәтижесінде, тіпті егер мұндай кезең шарт бойынша ең ұзақ кезеңнен асып кетсе де, азаймайды.

Бастапқыда танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюымен негізделген күтілетін несие залалдарын бүкіл мерзім бойына мойындау мақсатына қол жеткізу үшін несиелік тәуекелді ұжымдық негізде айтарлықтай ұлғайтуды бағалау, мысалға, несиелік тәуекелдің топ немесе қаржы құралдарының шағын тобы бойынша едәуір ұлғаюына нұсқайтын ақпаратты талдау арқылы бағалау қажет болып қалуы мүмкін. Бұл несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған жағдайда Компанияның бүкіл мерзім бойынша күтілетін несие залалдарын мойындау мақсатына қол жеткізуіне, тіпті егер несиелік тәуекелдің бөлек құрал деңгейінде айтарлықтай ұлғаюының расталуы қолжетімсіз болса да, кепілдігін береді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы мойындау кезіндегі қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян, несиелер мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп қарыздар, несиелер мен кредиторлық берешек болған жағдайда әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Мойындауды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық шығын туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қорлар

Қорлар ФИФО әдісі бойынша ескеріледі.

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Өткізудің таза құны, өндірісті аяқтауға жұмсалатын болжамды шығыстарды және өткізуге бағаланған шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызметтің барысында сатудың болжамды бағасы ретінде айқындалады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражатына банктердегі ақша қаражаты кіреді.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп мақсаттары үшін ақша қаражаты мен олардың баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражатынан тұрады.

Резервтер

Егер Компанияның бұрын болған оқиғаның нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңгерлік немесе тәжірибеден туындайтын) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың әкетілуі ықтимал болып табылса және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болғанда, резервтер мойындалады. Егер Компания резервтердің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжап отырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Түсімді мойындау

Егер Компанияның экономикалық пайданы алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынса, түсім мойындалады. Пайда шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын сыйақылардың әділ бағасы бойынша бағаланады. Компания принципал немесе агент ретінде болатындығын айқындау мақсатында белгілі бір критерийлерге сәйкес түсім алуды көздейтін өзі жасайтын шарттарды талдайды. Компания ол барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді.

Компания, өзі болжағандай, аталған тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуға құқығы болатын өтемақы сомасында тұтынушыларға уәде етілген қызметтердің көрсетілуін көрсету үшін түсімді мойындайды.

Компания, түсім мойындалған кезде, келесі қадамдарды жасайды:

- 1) шартты сәйкестендіру;
- 2) шарт шеңберінде орындалуға жататын міндеттемені сәйкестендіру;
- 3) мәміле бағасын айқындау;
- 4) мәміле бағасын шарт шеңберінде орындалуға жататын бөлек міндеттер арасында бөлу;
- 5) шарт шеңберінде орындалуға жататын міндеттің орындалу сәтіне (немесе шамасына қарай) түсімді мойындау.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құн және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

Жалдау

Мәміле жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау шарттың қолданылуының басталу күніне мәміле мазмұнын талдауға негізделеді. Мұндай талдаудың шеңберінде шарттың орындалуы нақты активті немесе активтерді пайдалануға тәуелділігін және мұндай мәміленің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы өтетіндігін белгілеу қажет.

Компания жалға алушы ретінде

Компанияға жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталданады немесе егер бұл сома аз болып қалса, ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады. Жалдау төлемдері өтелмеген міндеттеме сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржылық шығыстар мен жалдау бойынша міндеттеменің негізгі сомасының азаюы арасында бөлінеді. Қаржылық шығыстар тікелей пайдада және зияндарда көрсетіледі.

Жалға алынған актив активтің пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде амортизацияланады. Дегенмен егер Компанияға жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығы өтеді деген негізделген сенімділік болмаса, актив келесі кезеңдердің ең қысқасының ішінде амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімі және жалдау мерзімі.

Операциялық жалға алу бойынша төлемдер пайда мен залалдар туралы есепте барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Зейнетақы міндеттемелері

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Компания жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар ретінде жұмысшылардың жалақысынан 10% мөлшерінде, бірақ айына 212.130 теңгеден артық емес мөлшерде (2017 жылы: 183.443 теңге) төлемдерді жасайды. Зейнетақы қорларына төленетін төлемдер жұмыскерлердің жалақысынан ұсталады және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдармен бірге олардың пайда болу сәтіне жиынтық кіріс туралы есепте еңбекақыны төлеу бойынша жалпы шығыстарға қосылады. Компанияның зейнетақы төлемдері бойынша қандай да бір басқа міндеттемелері жоқ.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайданы алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Басшылық соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестермен инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес ұйымдарға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе шығын құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Шартты активтер қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Компанияның қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Бағалау мәндері мен жорамалдар

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Компанияның болжаулары мен бағалау мәндері ол қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Компания бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың жасалуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Салықтар

Күрделі салық заңнамасын, сондай-ақ келешек салық салынатын пайда сомалары мен мерзімдерін түсіндіруге қатысты белгісіздік бар. Компанияның халықаралық операцияларының айтарлықтай алуандығын, сондай-ақ шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипатын және күрделілігін есепке ала отырып, нақты нәтижелер мен қабылданған болжалдар арасында пайда болатын айырма немесе осындай болжалдардың келешек өзгерістері есептілікте көрсетілген шығыстар сомасын немесе табыс салығы бойынша шығыстар немесе үнемдеу сомасын түзетуге әкеп соқтырады. Негізделген жорамалдарға сүйене отырып, Компания салықтық тексерулердің ықтимал салдарына резервтерді құрады. Осындай резервтердің шамасы әр түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасының әртүрлі интерпретацияларына байланысты.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)**

№ 5 нысан

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Салықтар (жалғасы)

Түсіндірулердегі осындай айырмашылықтар тиісті компания тіркелген елде басым болатын шарттарға қарай мәселелердің көпшілігі бойынша туындап қалуы мүмкін.

Компания сот істерінің орын алуын салық заңнамасына орай екендігін бағалап, ақша қаражатының кейіннен ағып кетуі мүмкін емес деп бағаланды, шартты міндеттеме танылмады.

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада барлық пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада барлық пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

5. БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

010. Ақша қаражаты мен оның баламалары

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
|--|------------------------------------|------------------------------------|
| Теңгемен банк салымдары | 1.656.948 | 1.624.000 |
| Теңгемен банктердегі ағымдағы шоттар | 104.057 | 50.537 |
| Минусы: күтілетін несие залалдарына резерв | (2.350) | – |
| | 1.758.655 | 1.674.537 |

2018 жылы Компанияның ағымдағы шоттарына жылдық 3,875% бастап 7,75% дейінгі мөлшерде пайыздар есептелді. 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания 62.076 мың теңге мөлшерінде пайыздық кіріс есептеді (2017 жыл: 41.717 мың теңге). 2018 жылдың ішінде, уақытша бос ақша қаражаты қысқа мерзімді депозит шоттарында жылдық 7%-8,7% аралығындағы сыйақы мөлшерлемесімен бір айға дейінгі мерзімге орналастырылды. 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания 94.452 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді депозиттердегі уақытша бос ақша қаражаты бойынша сыйақыны есептеді (2017 жыл: 75.512 мың теңге).

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)**

№ 5 нысан

5. БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС (жалғасы)

010. Ақша қаражаты мен оның баламалары (жалғасы)

Күтілетін несие залалдарының резервіндегі қозғалыс былайша берілген:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|---|-----------------|-----------------|
| 1 қаңтарға | – | – |
| 9 ХҚЕС-ті қолданудың әсері (3-ескертпе) | 2.504 | – |
| Резервті есептеу | 2.051 | – |
| Қалпына келтіру | (2.205) | – |
| 31 желтоқсанға | 2.350 | – |

016. Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
|--|------------------------------------|------------------------------------|
| Сауда дебиторлық берешек | 2.283.848 | 1.660.532 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 20.419 | – |
| Минусы: күтілетін несие залалдарына резерв | (6.019) | – |
| | 2.298.248 | 1.660.532 |

Күтілетін несие залалдарының резервіндегі қозғалыс былайша берілген:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|---|-----------------|-----------------|
| 1 қаңтарға | – | 2.178 |
| 9 ХҚЕС-ті қолданудың әсері (3-ескертпе) | 3.311 | – |
| Резервті есептеу | 14.581 | 33.050 |
| Резервті қалпына келтіру | (11.873) | (35.228) |
| 31 желтоқсанға | 6.019 | – |

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның сауда дебиторлық берешегіне электр энергиясының сатылуы үшін дебиторлық берешек кірді және теңгемен көрсетілген.

Туындау мерзімдері бойынша сауда дебиторлық берешектің талдауы мынадай түрде берілген:

| <i>Мың теңгемен</i> | Жиыны | Мерзімі өтпеген, құнсызда нбаған | Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған | | | |
|--------------------------------|------------------|---|--|------------------|------------------|----------------------------|
| | | | <30 күн | 31-60 күн | 61-90 күн | 90 күннен артық |
| 2018 жылғы 31 желтоқсан | 2.277.829 | 2.272.164 | 5.665 | – | – | – |
| 2017 жылғы 31 желтоқсан | 1.660.532 | 1.618.431 | 42.101 | – | – | – |

118. Негізгі құралдар мен басқа да ұзақ мерзімді активтер

Негізгі құралдарға негізінен көлік құралдары мен басқа да негізгі құралдар жатады. 2018 жылғы тозу 4.124 мың теңге (2017 жылы: 3.974 мың теңге) болды.

213. Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
|---|------------------------------------|------------------------------------|
| Сатып алынатын электр қуаты үшін кредиторлық берешек | 3.386.833 | 2.669.297 |
| Көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыс үшін кредиторлық берешек | 28.425 | 7.559 |
| Табыс салығынан басқа, өзге де салықтар бойынша берешек | 3.816 | 13.783 |
| | 3.419.074 | 2.690.639 |

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның кредиторлық берешегі теңгемен көрсетілген.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)**

№ 5 нысан

5. БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС (жалғасы)

410. Жарғылық капитал

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 100.000 мың теңге (2017 жыл: 100.000 мың теңге) болды.

6. ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

010. Пайда

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|---|-------------------|-----------------|
| Жаңартылатын қуат көздері бойынша сатып алынатын электр қуатын өткізуден түскен кіріс | 21.025.149 | 15.351.402 |
| | 21.025.149 | 15.351.402 |

2018 жылы кірістер 60 энергия өндіруші кәсіпорындардың сатып алынатын электр қуатын сатудан түсті (2017 жыл: 44).

2018 және 2017 жылдардың ішінде Компания электр қуатын белгілі бір уақыт сәтінде және Қазақстан Республикасының аумағында сатты.

011. Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|---|-------------------|-----------------|
| Жаңартылатын қуат көздері бойынша сатып алынатын электр қуатының өзіндік құны | 20.893.549 | 14.860.959 |
| Өндірістің және электр қуатын тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру шығыстары | 70.577 | 48.934 |
| | 20.964.126 | 14.909.893 |

014. Әкімшілік шығыстар

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|--|-----------------|-----------------|
| Еңбекақыны төлеу шығыстары және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдар | 107.484 | 91.392 |
| Жалдау шығыстары | 24.709 | 20.583 |
| Пайдаланылмаған демалыстар мен бонустар бойынша резервтерді есептеу | 14.944 | 19.708 |
| Оргтехникаға қызмет көрсету шығындары | 10.822 | 8.089 |
| Тозу және амортизация | 5.413 | 4.463 |
| Жөндеу шығыстары | 4.010 | 473 |
| Іссапар шығыстары | 3.981 | 2.884 |
| Оқыту шығыстары | 3.244 | 4.727 |
| Кеңес беру қызметтері | 3.207 | 3.000 |
| Күтілетін несиелер залалдарына резервті есептеу / (қалпына келтіру) | 3.111 | (2.323) |
| Байланыс қызметтері | 2.443 | 1.860 |
| Материалдар | 2.160 | 913 |
| Сақтандыру шығыстары | 2.116 | 669 |
| Өкілдік шығыстары | 1.452 | 496 |
| Сатып алуды ұйымдастыру шығындары | 923 | 923 |
| Банктің қызметтері | 284 | 276 |
| Басқа | 7.445 | 10.429 |
| | 197.748 | 168.562 |

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)**

№ 5 нысан

6. ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

101. Табыс салығы бойынша шығыстар

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|--|-----------------|-----------------|
| Ағымдағы табыс салығы | | |
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар | 15.570 | 86.548 |
| Өткен жылдардың табыс салығын түзету | 52 | (5.422) |
| Кейінге қалдырылған салық | | |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік | (1.508) | (1.159) |
| Пайда мен зияндар туралы есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар жиыны | 14.114 | 79.967 |

2018 және 2017 жылдары Қазақстан Республикасында табыс салығының мөлшерлемесі 20% болды. Төменде жиынтық кіріс туралы есепте ескерілген 20% табыс салығының мөлшерлемесі мен табыс салығының нақты сомасы салыстырылып тексерілуі келтірілген:

| <i>Мың теңгемен</i> | 2018 жыл | 2017 жыл |
|--|-----------------|-----------------|
| Табыс салығы бойынша шығыс есепке алынғанға дейінгі пайда | 70.343 | 397.411 |
| 20% салықтың ресми мөлшерлемесі бойынша есептелген салық | 14.069 | 79.482 |
| Басқа да есептен шығарылмайтын шығыстар | 45 | 485 |
| Пайда мен зияндарда көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар | 14.114 | 79.967 |

Бұдан әрі 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқтыратын негізгі уақыт айырмаларына салық әсері көрсетілген:

| <i>Мың теңгемен</i> | Қаржылық жағдай туралы есеп | | Жиынтық кіріс туралы есеп | |
|---|------------------------------------|-------------------------|----------------------------------|----------|
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жыл | 2017 жыл |
| Есептелген міндеттемелер | 2.703 | 3.259 | (556) | 1.050 |
| Кейінге қалдырылған кіріс | 3.923 | – | 3.923 | – |
| Сауда дебиторлық берешек | 1.204 | – | 1.204 | (465) |
| Негізгі құралдар | (4.380) | (1.231) | (3.149) | 350 |
| Салықтар | 310 | 224 | 86 | 224 |
| Кейінге қалдырылған таза салық активтері | 3.760 | 2.252 | | |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік | | | 1.508 | 1.159 |

Компания ағымдағы салықтық активтерді және ағымдағы салықтық міндеттемелерді есепке алу үшін заңды түрде тіркелген құқығы болған жағдайда ғана салықтық активтер мен салықтық міндеттемелерді есепке алады, ал кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер бір және сол салық органы өндіріп алатын пайда салығына жатады.

7. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Компанияның негізгі басқарушы персоналын, Компанияның негізгі басқарушы персоналына, бас компанияға және Самұрық-Қазына тобының кәсіпорындарына қатысудың елеулі үлесі тікелей немесе жанама тиесілі болатын ұйымдарды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)**

№ 5 нысан

7. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

Келесі кестеде 2018 жылғы 31 наурыздағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күндерге аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы көрсетілген:

| <i>Мың теңгемен</i> | Жылы | Байланысты тараптарға сатулар | Байланысты тараптардан сатып алулар | Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі | Байланысты тараптарға сауда кредиторлық берешек |
|---|-------------|--------------------------------------|--|---|--|
| Бас компания – KEGOC | 2018 | 1.892 | 94.660 | 842 | 7.520 |
| | 2017 | 1.994 | 69.516 | 557 | 6.482 |
| KEGOC еншілес компаниялар | 2018 | – | 8.246 | – | 724 |
| | 2017 | – | 8.428 | – | 785 |
| Самұрық-Қазынаның еншілес компаниялары | 2018 | 6.221.154 | 4.605.893 | 622.870 | 847.813 |
| | 2017 | 4.043.905 | 4.522.470 | 520.163 | 913.037 |
| Самұрық-Қазынамен қауымдасқан компаниялар | 2018 | 2.284.644 | 5.148.563 | 215.774 | 555.174 |
| | 2017 | 725.946 | 3.324.294 | 49.911 | 358.237 |

Байланысты тараптарға сатулар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатумен білдірілген.

2018 жылы негізгі басқарушы персонал 2 адамнан (2017 жылы: 2 адам) тұрды. 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы есепте әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы тиісінше 26.399 мың теңге және 24.219 мың теңге болды. Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы шарттық жалақыдан, операциялық қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан және ішкі нормативтік актілерге сәйкес материалдық көмектен тұрады.

8. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек жатады. Бұл қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Компания операцияларын қаржыландыру болып табылады. Компанияның оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақша қаражаты бар.

Компания несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Компания қаржылық шығындарды көтереді деген тәуекел, өйткені қарсы агенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Компания операциялық қызметпен ең алдымен, сауда дебиторлық берешекке қатысты және қысқа мерзімді депозиттерді, ақша қаражаты мен оның баламаларын қоса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді (*5-ескертпе*). Компанияның және оның қарсы агенттерінің несиені төлеу қабілетіне ұшырағыштығы үнемі қадағаланып отырады. Кредиттік тәуекелге ең көп ұшырағыштық әрбір қаржы активінің баланстық құнымен шектелген.

Компанияның қаржылық есептілігінде танылған қаржы активтерінің баланстық құны, күтілетін несие залалдарының резервтерін шегере отырып, Компанияның несиелік тәуекелінің ең көп көлемін көрсетеді.

Компанияның несиелік тәуекелді басқарумен байланысты бекітілген саясаттары, процедуралары мен бақылаулары жоқ, бірақ, дегенмен, клиенттерден өтелмеген дебиторлық берешектің балансын Компанияның басшылығы үнемі бақылап отырады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)**

№ 5 нысан

8. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануға жасалатын талдауды Компанияның басшылығы мерзімі өткен күн саны негізінде дербес түрде әр есепті күнге жүргізеді. Есептеулер бұрын нақты болған залалдар туралы ақпаратқа негізделеді. Есепті күнге несиелік тәуекелге аса бейімділік қаржылық активтердің әр сыныбының баланстық құнымен берілген (5-ескерте). Компанияда өзіне кепілдікке берілген мүлік жоқ.

Ақша қаражаты бойынша несиелік тәуекел шектелген, себебі Компанияның қарсы агенті халықаралық рейтинг агенттіктері берген несиелік рейтингтері жоғары банктер болып табылады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігімен байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын құн бойынша жедел сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Мына кестелерде шартты дисконтталмаған ақша ағындары негізінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша Компанияның келісімшарттық мерзімдері көрсетілген.

| <i>Мың теңгемен</i> | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | Астам 5 жылға дейін | Жиыны |
|--|--------------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------|---------------------------------------|------------------------------------|--------------|
| 2018 жылдың 31 желтоқсанына | | | | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | – | 3.415.258 | – | – | – | 3.415.258 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | – | 13.515 | – | – | – | 13.515 |
| | – | 3.428.773 | – | – | – | 3.428.773 |
| 2017 жылдың 31 желтоқсанына | | | | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | – | 2.676.856 | – | – | – | 2.676.856 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | – | 16.299 | – | – | – | 16.299 |
| | – | 2.693.155 | – | – | – | 2.693.155 |

Капиталды басқару

Компания капиталын басқарудың басты мақсаты Компанияның кірістің барынша көбейтілуімен қатар берешек пен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы акционер үшін табыстарды барынша көбейте отырып, қызмет үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастыра алады.

Компания өз капиталын экономикалық шарттардағы өзгерістерді ескере отырып басқарады.

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде капиталды басқару мақсаттарына, саясатына немесе процестеріне қандай да бір өзгерістер енгізілген жоқ.

Қаржы құралдарының әділ құны

2018 жылғы 31 желтоқсанға қаржы активтері мен міндеттемелердің баланстық құны бұл қаржы құралдарының қысқа мерзімді сипатына орай шамамен олардың әділ құнына тең.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның 1-ші немесе 2-ші деңгейдегі қаржы құралдары ретінде жіктелген қаржы құралдары болмады.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін қаржы құралдарының әділ құнының 1-ші, 2-ші және 3-ші деңгейлер арасында ауысулар болған жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

9. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС-тің түсімге, шығыстарға және қаржылық есептіліктің басқа да баптарына қатысты тәсілі жөніндегі пікірлер. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер, тексеру жүргізіліп отырған жылдың алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қала береді. Белгілі бір жағдайларда салық тексерулері бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздіктерге байланысты, егер мұндай жағдай болса, салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімақының түпкілікті сомасы осы уақытта шығыстарға жатқызылған және 2018 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асуы мүмкін.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы қолданыстағы заңнаманы талқылау дұрыс болып табылады және Компанияның салықтар бойынша ұстанымы, осы жекелеген қаржылық есептілікте көзделген немесе ашылып көрсетілген жағдайларды қоспағанда, расталады деген ықтималдылық бар деп есептейді.

Шарттық міндеттемелер

2018 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның жаңартылатын энергия көздерін (күн, жел және су энергиясы) пайдаланатын электр энергиясын өндірушілермен 35 (отыз бес) шарт бар: ГЭС-пен 13 шарт; КЭС-пен 9 шарт, ЖЭС-пен 12 шарт және БиоЭС-пен 1 шарт. Келісімшарттардың қолданылу мерзімі электр станциясы пайдалануға берілген күннен бастап 15 жылды құрайды, бұл ретте өндірілген электр энергиясы энергияны беретін ұйымның электр желілеріне беріледі. Компанияның бұл электр станциялары өндірген барлық электр энергиясын сатып алу міндеттемесі бар.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сатып алу тарифтері

«Жаңартылатын қуат көздері туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңының қолданысқа енгізілуіне дейін пайдалануға берілген жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сатып алу тарифтері Үкіметтің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 419 Қаулысында айқындалған және мұндай объектілерді салу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемелерінде көзделген тарифтерге тең болады. Жаңартылатын қуат көздері туралы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін пайдалануға берілген жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері үшін Үкіметтің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 және 2014 жылғы 12 маусымдағы №644 қаулысымен мақұлданған тіркелген тарифтер қолданылады.

Жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату тарифтері

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сату тарифі Үкіметтің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 290 Қаулысымен бекітілген «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифін айқындау қағидаларына» және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығымен бекітілген «Қозғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына» сәйкес есептеледі. Электр энергиясын сату тарифіне есеп айырысу-қаржы орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу шығындары, электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңестіретін ұйымның қызметтеріне жұмсалатын шығындар және Компанияның қызметін жүзеге асырумен байланысты шығындар жатады.

Басшылық 2018 жылы жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату және сатып алу тарифтерін есептеу әрі пайдалану лайықты түрде және қолданыстағы нормалар мен заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылады деп есептейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (жалғасы)

№ 5 нысан

9. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың келешектегі тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

Мұнай бағасының төмендеуі қазақстандық экономикаға теріс әсерін тигізуде. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалып отыр. Бұл факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының ұлғаюына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуына әкеп соқтырды, бұл Компанияның қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Компанияның басшылығы ағымдағы жағдайларда Компанияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

10. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

«Электр энергетикасы туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасында 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап электр қуаттылығының нарығы жұмыс істеуде. Қуаттылық нарығының негізгі мақсаты – Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің қуаттылығын жеткілікті көлеммен қамсыздандыру мақсатында саланың инвестициялық тартымдылығын жақсарту. Бұл қуаттылық нарығының қызмет етуі электр қуаттылығының дайындығын қолдау бойынша қызметтерді сатып алатын Бірыңғай сатып алушыны енгізуді және электр қуаттылығының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметтердің көрсетілуін көздейді. Энергетика министрінің бұйрығымен Компания Бірыңғай сатып алушы ретінде тағайындалды.

Бірыңғай сатып алушы электр қуаттылығының дайындығын қолдау бойынша қызметтерді энергияны өндіретін ұйымдардан сатып алады:

- ҚР Энергетика министрлігімен жаңғыртуға, кеңейтуге, қайта құруға және (немесе) жаңартуға инвестициялық келісімдерді жасаған;
- құрамына жылу электр орталықтары кіретін;
- «КОРЭМ» АҚ жүргізген электр қуаттылығының орталықтандырылған сауда-саттықтың қорытындылары бойынша.

Жоғарыда аталған сатып алуды жүзеге асыру үшін Бірыңғай сатып алушы тұтынушыларға – энергия берушілерге, энергиямен жабдықтайтын ұйымдар мен электр қуатының көтерме нарығының субъектілері болып табылатын тұтынушыларға электр қуаттылығының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметтерді сатудан түскен қаражатты пайдаланады.